

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ
БҰЙРЫҚ

№ 1000-22

«20» маусым 2023 жылғы

«МСАК ұйымдарындағы бастапқы психикалық денсаулық орталықтарын Облыстық психикалық денсаулық орталығының құрамына қосу туралы»

«Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі м.а 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ - 133/2020 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкес, МСАК жүйесіндегі психиатриялық және наркологиялық қызметтерді біріктіруді жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» МКК-ның директоры (С.Ш Жанильсиновке):

1.1. 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданыстағы заңнамаларға сәйкес ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» МКК құрамына қалалық емханалар базасында орналасқан барлық бастапқы психикалық денсаулық орталықтары қосылсын;

1.2. жаңа штаттық кестесі жасалсын;

1.3. «Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 75 бұйрығы негізінде 2024 жылға диспансерлік науқастарға бюджеттік өтінім дайындалу қамтамасыз етілсін;

1.4. Дәрігерлерге психикалық және наркологиялық науқастардың электронды тіркелімі медициналық ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз етілсін.

2. ШЖҚ «№1 қалалық емханасы» МКК, ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК, ШЖҚ «№3 қалалық емханасы» МКК, ШЖҚ «№4 қалалық емханасы» МКК, ШЖҚ «№7 қалалық емханасы» бас дәрігерлеріне:

2.1. 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап ШЖҚ «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» МКК құрамына қалалық емханалар базасында орналасқан барлық бастапқы психикалық денсаулық орталықтарын қосуға қажетті іс-шаралар өткізілсін;

2.1. науқастарды амбулаториялық қабылдау үшін емханадағы психиатр, нарколог дәрігерлерінің бөлмесі «Жалға алу туралы» келісім шарты бойынша сақталсын. Қажеттік кеңсе техникасымен қамтамасыз етілсін, бөлменің жұмыс жасауына қажетті жағдай жасалсын.

3. Басқарманың экономикалық және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы (А.Бурумбаеваға):

-осы бұйрыққа сәйкес штаттық кестеге өзгерістер енгізілсін.


4. ҚР ДСМ-нің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК Ақтөбе облыстық филиалының директоры М.Мәзінге:

-есеп құжаттарына қажетті өзгерістер енгізілсін.

5. Бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Б.Избасаровқа жүктелсін.

Басқарма басшысы

Р.Исаев



Орын: А.Тржанова